

ӘОЖ 377

ГТАМР 14.35.07

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.78.3.005>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ: ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Тамабаева М.К.¹, Абильдина С.К.², Жекибаева Б.А.³

*^{1,2,3} Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы мен құқықтық негіздері қарастырылады. Зерттеудің мақсаты инклюзивті білім беруді реттейтін халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық актілерді кешенді түрде талдау, педагогикалық кадрлардың тапшылығы, мамандарды жеткіліксіз дайындау және аймақтық диспропорциялар сияқты проблемалық мәселелерді, сондай-ақ инклюзивті білім беру ортасының әрі қарай даму перспективаларын анықтау болып табылады. Зерттеудің әдіснамасы БҰҰ Балалардың құқығы туралы Конвенцияны және Мүгедектердің құқығы туралы Конвенцияны, «Білім туралы», «Балалардың құқығы туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» ұлттық заңдарды, сондай-ақ мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметі туралы статистикалық деректерді қоса алғанда, халықаралық құжаттарды талдауға және синтездеуге негізделген. Талдау инклюзивті тәжірибелерді енгізудің оң динамикасын, инклюзияға жағдай жасайтын мекемелер санының өсуін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар мен студенттер контингентінің ұлғаюын көрсетті. Сонымен бірге өзекті проблемалар айқындалуда: білікті мамандардың тапшылығы, инклюзивті ортаны қамтамасыз етуде аймақтық айырмашылықтар және қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі. Алынған нәтижелер инклюзивті білім берудің ғылыми негіздерін дамыту үшін теориялық мәнге ие және білім беру саясатын жетілдіру, педагог кадрларды даярлауды жоспарлау және білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыру үшін практикалық маңыздылыққа ие.

Тірек сөздер: инклюзивті білім беру, құқықтық негіздер, ерекше білім беру қажеттіліктері, Қазақстан, педагогикалық кадрлар, білімнің қолжетімділігі, халықаралық стандарттар, білім беру

Кіріспе

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің қалыптасуы мен дамуы барлық санаттағы балалар үшін тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатпен тікелей байланысты.

Мемлекет білім беру процесінде инклюзияны белсенді қолдауда және алға жылжытуда, бұл халықаралық және сол сияқты ұлттық нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау және жүзеге асыру арқылы байқалады. Мақалада Бала құқықтары туралы Конвенцияны, Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялауды қоса алғанда, негізгі заңнамалық бастамалар, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қалыптастыруға бағытталған «Білім туралы», «Бала құқығы туралы» ұлттық заңдар және басқалары қарастырылады. Нормативтік-құқықтық базалардың талдауы көрсеткендей, инклюзия саласында мемлекеттік саясат білім беру жүйесінің дамуына стратегиялық бағыт беретінімен, инклюзивті тәсілді жүзеге асыру механизмін анықтайтынымен және елімізде инклюзивті ортаны тұрақты қалыптастыру үшін негіз құрайтынымен негізделеді.

Маңыздысы сол, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін қолайлы жағдай Кеңес Одағының шынайылығынан түбегейлі өзгеше екенін атап өту қажет, ол кезде ақыл-есі бұзылған және ауызша қарым-қатынас жасауда қиындығы бар балалар оқуға қабілетсіз деп саналып, білім беру жүйесінен шығарылған [1].

Балалардың барлық санаттары үшін, олардың тегін жалпы білім алу құқығын жүзеге асыру мақсатында тең мүмкіндіктер мен жағдайлар қамтамасыз етілуде. Инклюзивті саясат қоғамды және оның құрылымдарын әрбір азаматтың әлеуметтік өмірге толыққанды қосылуын қамтамасыз ететіндей түрде, қайта құру қажет деп санайды. Саламан декларациясында инклюзивті білім беру тұжырымдамасын енгізу қоғам мен оның мәдениетінің біртекті еместігін танып қана қоймай, қоғамдағы осы алуан түрлілікке - оның құндылығы мен адамдар арасындағы айырмашылықтың маңыздылығын сезінуге деген көзқарасты да өзгертеді [2].

Республикамыздың басшысының жылдағы жолдауларында инклюзивті білім беру мәселесіне баса назар аударылып отырады, оның себебі тең қоғам құру.

Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайын кешенді талдау, маңызды жетістіктерді және орын алған проблемаларды анықтау, сондай-ақ халықаралық стандарттармен және ұлттық басымдықтарға сәйкес оның әрі қарай даму перспективалық бағыттарын айқындау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде нормативтік-құқықтық актілердің талдау мен синтездеу, халықаралық және ұлттық құжаттардың салыстырмалы талдауы, сондай-ақ білім беру саласында статистикалық деректерді зерделеу сияқты әдістердің кешені қолданылды. Бұл тәсіл инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық міндеттемелер мен Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзара байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Халықаралық құқықтық құжаттар зерттеу негізделген материалдардың бірінші тобын құрады. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы Конвенциясына (1989), Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияға (2006), сондай-ақ 2015 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен тұрақты даму мақсаттарына ерекше назар аударылды. Құжаттардың талдауы білім беруде тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге әмбебап тәсілдерді анықтауға және бұл деректерді ратификациялау арқылы Қазақстан өзіне алған міндеттемелерді тіркеуге мүмкіндік берді.

Материалдардың екінші тобын білім беру саласында саясатты анықтайтын, Қазақстан Республикасының ұлттық нормативтік-құқықтық актілері құрады. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңдар және басқалары негізгі құжаттар болды.

Оларды қарау білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету контекстінде құқықтық реттеудің эволюциясын бақылауға, сондай-ақ ұлттық заңнамаға халықаралық нормаларды имплементациялау ерекшелігін анықтауға мүмкіндік берді.

Заңдардан басқа, маңызды көздердің бірі - білім жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламалар. Атап айтқанда, 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру Концепциясы инклюзивті тәсілді жаңғырту мен енгізудің басым бағыттарын көрсетеді. Құжаттардың талдауы кедергісіз білім беру ортасын қалыптастыру мен педагогтарды ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеуге дайындау бойынша мемлекетпен жасалған қадамдарды бағалауға мүмкіндік берді.

Осылайша, халықаралық және ұлттық нормативтік құжаттардың, стратегиялық бағдаламалар және статистикалық деректердің біріктірілген талдауы Қазақстандағы инклюзивті білім берудің ағымды жағдайы мен даму перспективаларын кешенді бағалауға ықпал етті. Таңдалып алынған зерттеудің әдістері алынған тұжырымдардың объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етті, сондай-ақ еліміздің халықаралық міндеттемелерін шынайы енгізу практикасымен салыстыруға көмектесті.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстанда инклюзивті білім беруді қалыптастыру және дамыту көпшілік жағдайда тең білім беру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету стандарттарын айқындайтын халықаралық құқықтық нормалар мен құжаттарға бағдарланумен шартталған. Қазақстан Республикасында инклюзия саласында ұлттық саясатты дамыту үшін негіз болған, халықаралық актілерді ратификациялау маңызды мағынаға ие. Атап айтқанда, БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы (1989 жылғы 20 қарашадағы 44/95

қарар, 1994 жылы Қазақстанда ратификацияланған) әрбір баланың, оның ішінде ақыл-ой немесе физикалық шектеулері бар баланың адамдық қадір-қасиетін сақтауға, өзіне деген сенімділікті дамытуға және қоғам өміріне белсенді қатысуға ықпал ететін лайықты өмір сүру құқығын бекітті [3].

Ұлттық заңнаманың дамуына әсер еткен өзекті халықаралық құжаттардың санына «Мүгедектер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің стандартты ережелері» (1993 жылғы 20 желтоқсан 48/96 қарар) интеграция жағдайында мүгедек балаларға, жастарға және ересектерге бастауыш, орта және жоғары білімге тең қол жеткізу принципін белгілейді [4]. Мүгедек адамдардың құқықтарын институционализациялау жолында маңызды қадам Қазақстанның барлық деңгейлерде және өмір бойы инклюзивті білім беру ортасын құру арқылы білім алу құқығы бекітілген мүгедектер құқығы туралы Конвенциясына (2006 жылғы 13 желтоқсан 61/106 қарар) қосылуы [5].

Қазақстандағы мемлекеттік білім беру саясатының заманауи бағдарлары БҰҰ Бас Ассамблеясымен 2015 жылғы 25 қыркүйекте қабылданған Тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ) тығыз байланысты. Бұл құжаттың 4 мақсаты жан-жақты, әділ және сапалы білім беруді қамтамасыз етуге, сондай-ақ халықтың барлық санаттары үшін өмір бойы оқыту мүмкіндіктерін ілгерлетуге [6]. Бұл мақсатқа қол жеткізу жолдарын нақтылау үшін, ЮНЕСКО ұлттық заңнамаға инклюзия принциптерін енгізу, педагогтер үшін ықтимал кедергілерді ескере отырып, дәйекті саясатты қалыптастыру, тәуекел аймағындағы балаларға арналған мамандандырылған қолдау құрылымдарын құру, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептер педагогтарының және түзету педагогикасы саласындағы мамандардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру кіретін 2030 жылға дейін дамытудың тұжырымдамалық негіздерін әзірледі [7].

Еліміздің ішінде инклюзивті білім берудің орнауы ең алдымен әрбір азаматтың тегін орта білім алу құқығын бекітетін Қазақстан Республикасының Конституциясымен негізделеді [8]. Бұл бағыттың дамуына елеулі үлес қосқан «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Заңның қабылдануы, мұнда мүшедек баланың дене және ақыл-ой мүмкіндіктеріне сәйкес білім алу, мамандық таңдау, шығармашылық және қоғамдық қызметке қатысу құқығы бекітілген [9]. «Білім туралы» Заңда ерекше мағына ие, онда «инклюзивті білім беру» ұғымы алғаш рет енгізілді, ол барлық білім алушылар үшін олардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету процесі ретінде анықталды [10].

Инклюзивті білім беру Қазақстанда, мүгедектікті түсінудің медициналық моделі кеңестік мұра негізінде қалыптасқанын атап өту керек. Бұл моделде маңызды міндеттердің бірі дамудың бұзушылықтарын диагностикалау және түзету болып саналған, ал ерекшеліктері бар балалар ең алдымен емдеу және арнайы сүйеселдеу объектілері ретінде қарастырылған.

Нәтижесінде білім беру саясатында, мұнда оқыту құрдастарынан бөлек өтетін, түзету мектептері мен мамандандырылған балабақшалар маңызды орын алды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан біртіндеп халықаралық құжаттар негізінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды қолдау тәсілдерін қайта ойластыра бастады. Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар (ПМПК), түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының желісін құруды бекіткен «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» (2002 ж.) Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау маңызды қадам болды. Бұл шаралар мамандандырылған көмекке қол жетімділікті едәір кеңейтті, бірақ іс жүзінде бұзушылықтарды түзетуге бағытталған медициналық моделді дамытуды жалғастырды [11].

Негізгі бұрылыс 2010 жылдары, Қазақстанда мүгедектікті түсіну әлеуметтік моделіне ауысу жүйелік жұмыс басталғанда белгіленді. Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітумен инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруға курс қабылданды: инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мектептердің үлесін 70% - ға дейін ұлғайту, сондай-ақ мүгедек балалар үшін «кедергісіз қолжетімділікті» қамтамасыз ету бойынша міндеттер қойылды. Басты назар «ақауды түзетуден» кедергілерді жоюға және барлығына тең жағдай жасауға ауысты.

Бұл бағыт 2020-2025 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасында жалғасын тапты, мұнда инклюзия жүйені жаңартудың негізгі принципі ретінде қарастырылады. Құжатта мектепке дейінгі және мектеп мекемелерін инклюзивті білім берумен қамтуды кеңейту, кадрлық әлеуетті дамыту және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасау жөніндегі шаралар бекітілген.

Осылайша, Қазақстанның қазіргі саясаты екі тәсілді құрайды: мамандандырылған ұйымдардың желісі сақталуды, бірақ бір ретте балаларды жалпы білім беретін мектептер мен балабақшаларға тарту практикасы кеңеюде. Бұл өтпелі сипат әлеуметтік моделдің халықаралық қағидаттарына және әр баланың ортақ ортада сапалы білім алу құқығына сәйкес біртіндеп қалыптасатын ұлттық жүйенің ерекшелігін көрсетеді.


Қазақстанда ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламалардың да жүзеге асырылып жатқанын атап өткен жөн. 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту Тұжырымдамасында орта білім беру ұйымдарында эргономика негізінде инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру, кедергісіз инфрақұрылым құру, сондай-ақ білім алушылардың барлық санаттары үшін сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған әдістемелік, кадрлық және ресурстық құралдарды пайдалану көзделген [12].

Осылайша, халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық

актілердің талдауы Қазақстанда инклюзивті білім берудің болуы және дамуы жалпы әлемдік тенденциялар аясында жүзеге асырылады және мемлекеттік саясатпен тікелей байланысты. Негізгі халықаралық құжаттарды ратификациялау және оларды ұлттық заңнамаға енгізу мүмкіндігі шектеулі балаларды қоса алғанда, барлық балалар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық базаны қалыптастыруға ықпал етті. Қазақстан біртіндеп инклюзивті білім беру ортасын құруға бағытталған нормативтік және ұйымдастырушылық шаралардың кешенді жүйесін құруда. Бұл дәлел инклюзия қағидаттарын ілгерлету процесінде мемлекеттік қолдау мен нормативтік реттеудің басым маңыздылығын растайды, бұл білім беру саясаты мен практикасын одан әрі жетілдіру үшін негіз болып табылады.

Егер Қазақстандағы қазіргі жағдайды қарастырсақ, білім беру жүйесінде қатар екі бағыт бар екенін байқауға болады. Бір жағынан, медициналық модель принциптерінде құрылған түзету мектептері, мамандандырылған балабақшалар сияқты мекемелердің желісі қызмет етуді жалғастыруда. Екінші жағынан, соңғы жылдары орта және мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесін қамтыған, инклюзивті білім беру белсенді дамуда. Мұндай екіұштылық ұлттық саясаттың өтпелі сипатын көрсетеді, онда түзету қолдауының дәстүрлі формалары балаларды жалпы білім беру ортасына қосу тетіктерімен біртіндеп толықтырылады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, 2024 жылдың басында елімізде 513 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істеді, оған 55 арнайы мектепке дейінгі ұйым, 100 арнайы мектеп, 98 (бұдан әрі мәтін бойынша - ПМПК) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 234 (бұдан әрі мәтін бойынша - ППТК) психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 13 оңалту орталығы 10 Аутизмі бар балаларды қолдау орталығы кіреді (Сурет 1) [13].



Сурет 1-Арнайы білім беру ұйымдарының динамикасы, 2019-2023 жж.
Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер базасы.

2023 жылы Қазақстан Республикасында 5 555 мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар (шағын орталықтарды қоса алғанда) жұмыс істеді. Оның ішінде 2442 мекеме, немесе 44% инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған. Бұл ұйымдарда ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) 9 139 бала білім алды(1-кесте).

Инклюзия үшін жағдай жасаған ұйымдардың ең көп үлесі Республикалық маңызы бар қалаларда байқалады: %-бен, Шымкент қаласында-85,9%, Астана қаласында - 83,5%, Алматы қаласында - 77,9%. Сонымен қатар, бірқатар облыстар төмен көрсеткіштерді көрсетеді: Түркістан облысында үлесі 25,9 %, Атырау облысында - 21,4 %, Жетісуда - 20,4 % [14, 2746.]

Бұл көрсеткіштер мектепке дейінгі ұйым желісінің жартысына таман инклюзивті ортаны қалыптастыру процесіне кіргендігін көрсетеді. Сонымен қатар, жартысыннан көп мекемелерде (56%) инклюзия үшін жағдайлар жасалмағаны өкінішті. Өңірлер бойынша диспропорция мектепке дейінгі секторда инклюзивті практиканың біркелкі дамымағанын және өңірлерде инклюзивті білім берудің қолжетімділігін кеңейту жөніндегі қосымша шаралардың қажеттігін көрсетеді.

Кесте 1 - Инклюзивті білім беру жағдайын құрған мемлекеттік МДҰ желісі, құрылған шағын орталықтарды қоса алғанда, 2023 ж

Аймақ	Мемл.МДҰ. Бірл.	Жағдай жасаған, Бірл.	Үлес, %	ЕБҚ контингенті, адам.
ҚР	5555	2442	44.0	9139
АБАЙ	283	135	47.7	223
АҚМОЛА	446	140	31.4	1124
АҚТӨБЕ	385	139	36.1	365
АЛМАТЫ	177	72	40.7	89
АТЫРАУ	243	52	21.4	89
БҚО	387	168	43.4	812
ЖАМБЫЛ	341	103	30.2	943
ЖЕТІСУ	280	57	20.4	181
ҚАРАҒАНДЫ	310	198	63.9	1007
ҚОСТАНАЙ	446	167	37.4	479
ҚЫЗЫЛОРДА	224	162	72.3	453
МАҢҒЫСТАУ	140	94	67.1	218
ПАВЛОДАР	367	196	53.4	571
СҚО	439	212	48.3	370
ТҮРКІСТАН	328	85	25.9	354
ҰЛЫТАУ	94	44	46.8	139
ШҚО	296	119	40.2	235
АСТАНА қ.	103	86	83.5	736
АЛМАТЫ қ.	195	152	77.9	678
ШЫМКЕНТ қ.	71	61	85,9	73

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер базасы.

Түзету педагогикасы бойынша мамандарды қоса алғанда, педагог кадрлардың тапшылығы, еліміздің барлық аймақтарында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін үлкен кедергілерге тап болуда.

ҰБДБ деректері бойынша, педагогтерге жалпы қажеттілік 13 828 адамды құрайды, оның ішінде 2958 – әлеуметтік педагогтар. Ең үлкен тапшылық Алматы қ. (2297 адам) және Алматы облысында (2054 адам) байқалады, Қызылорда, Павлодар және Ақтөбе облыстарында шамалы (2-кесте) [14,278 б.]. Дефектологтар, логопедтер және психологтар ең көп сұранысқа ие. Мұндай кадр тапшылығы инклюзивті білім берудің қолжетімділігі мен сапасын тікелей шектейді, бұл жүйелі біліктілікті арттыру және мамандарды мақсатты тарту қажеттігін атап көрсетеді.


Кесте 2 - Инклюзивті білім беру ортасында педагогтарға қажеттілік аймақ типі және аймақтық меншік нысаны бойынша, 2023 ж.

Аймақ	Кадр тапшылығы, адам.	Қалалық жер, адам.	Ауылдық жер, адам.	Мемл. МДҰ, адам	Жеке МДҰ, адам.
ҚР	13828	8278	5550	3617	10211
Абай	157	83	74	62	95
Ақмола	565	205	360	288	277
Ақтөбе	178	71	107	114	64
Алматы	2024	235	1789	157	1867
Атырау	683	447	236	321	362
БҚО	330	191	139	138	192
Жамбыл	408	223	185	178	230
Жетісу	316	145	171	165	151
Қарағанды	569	365	204	351	218
Қостанай	237	121	116	172	65
Қызылорда	196	139	57	15	181
Маңғыстау	564	265	299	184	380
Павлодар	144	68	76	137	7
БҚО	310	62	248	289	21
Түркістан	1796	512	1284	313	1483
Ұлытау	248	155	93	218	30
ШҚО	270	158	112	184	86
Астана қ.	1327	1327	0	171	1156
Алматы қ.	2297	2297	0	115	2182
Шымкент қ.	1209	1209	0	45	1164

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер базасы.

Мемлекетімізде білім беруді баршаға қолжетімді ету мақсатында мақсатты шаралар қолға алынуда, бұл үдеріс білім берудің үш деңгейлі жүйесіне берік кірді. Осылайша, Ұлттық білім беру деректер базасы деректері бойынша жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердің 86% (5971 бірлік) 50 971 білім алушыға жалпыға бірдей білім беру үшін жағдай жасалған [14, 279 б.].

Өңірлік бөліністе жалпыға бірдей білім беру үшін жағдай жасалған мектептердің басым бөлігі Түркістан облысына - 716 мектеп (5004 білім алушы), Ақмола облысына - 482 мектеп (3347 оқушы), Қостанай облысына - 415 мектеп (4091 білім алушы) тиесілі. (Сурет 2).



Сурет 2 - Инклюзивті білім беру үшін жағдай жасаған мемлекеттік жалпы білім беретін мектептер желісі, 2023 жыл
Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер базасы.


Аттестаттаудан өткен және біліктілік санатын растаған педагогтердің үлесі - ұсынылатын білім беру қызметтерінің маңызды сапа көрсеткіші. Бұл процедураның орталық элементі мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін білімдерін бағалауға қатысу болып табылады. 2023 жылғы Ұлттық орталық тестілеу нәтижелері арнайы білім беру ұйымдары мен жалпы білім беру ұйымдарының 2 175 мұғалімінің тек 45,2%-ы белгіленген шекті деңгейден өтті, ал жартысынан көбі (54,9%-ы) жеткілікті білім деңгейін растай алмағанын көрсетеді [14, 280б.]. Бұл нәтижелер педагогикалық кадрлардың біліктілігін жүйелі түрде арттыру

қажеттілігін байқатады, әсіресе инклюзивті білім беру міндеттерін жүзеге асыру жағдайларында.

Әртүрлі жеке ерекшеліктерімен және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар жалпы ортада, инклюзивті білім беру жағдайында оқыған кезде, тәжірибеге бағытталған курстар ерекше маңызды. Оқу процесін саралауға байланысты білім беру материалдарын бейімдеу, объективті бағалауды ұйымдастыру, сондай-ақ білім алушылардың әлеуметтену дағдыларын дамыту және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау істері мұғалімдердің құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. 2023 жылы «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы» АҚ-да инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған бағдарламалар шеңберінде орта білім беру ұйымдарының 3 332 арнайы педагогы және жалпы бейіндегі 12718 педагог (3,2%) курстық даярлықтан өтті. Сонымен қатар, «Назарбаев зияткерлік мектептері» БАҰ Педагогикалық шеберлік орталығында мемлекеттік тапсырыс бойынша 14 330 педагог оқытудан өтті, оның 10 350 орта білім беру мазмұнын тереңдетуді, бағалау материалдарын әзірлеуді және инклюзивті оқыту мәселелерін қамтитын «Мұғалімдердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту» бағдарламасы бойынша [14, 281б.].

Колледждегі инклюзивті білім беру ортасы, олардың оқу және әлеуметтік өмірде белсенді қатысуы үшін жағдай жасай отыра, ерекше білім беру қажеттігі бар студенттер үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Білім беру процесін ерекше ұйымдастыру білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, білім алушылардың жеке әлеуетін ашуға, олардың академиялық жетістіктерін арттыруға және табысты әлеуметтік бейімделуге ықпал етеді.

2023 жылғы статистикалық деректер бойынша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында 3439 ерекше білім беруге қажеттіліктері бар студенттер оқыған, бұл студенттердің жалпы санының 0,6% -н құраған. Бұл топтың гендерлік құрылымы жас жігіттердің басым екенін көрсетеді, ал қыздардың үлесі 39,4% құрайды. 2021 жылмен салыстырғанда білім алушылар санының тұрақты өсу үрдісі байқалады: 2023 жылы 2 448-ден 2 622 студентке дейін. Қарастырылып отырған кезеңде қабылданған студенттер саны 1 343 адамды, ал түлектер саны 1001 адамды құрады [14, 284б.].



Сурет 3 - ТЖКБ ұйымдарында оқыған мүмкіндігі шектеулі білім алушылар контингенті, 2023ж.

Дереккөз: Ұлттық білім беру деректер базасы.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кадрлардың тапшылық проблемасы сақталуда, бірінші кезекте түзету педагогикасының саласындағы мамандар. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқытатын колледждерде педагог-дефектологтар (23 адам), сурдопедагогтар (37), әлеуметтік педагогтар (179), педагог-психологтар (421) және психологтар (84) жұмыс істейді [14, 2856.]. Сонымен қатар, тифлопедагогтар сияқты мамандардың болмауы білім беру ұйымдарының инклюзивті білім беру қағидаттарын толыққанды іске асыруға дайындығының жеткіліксіз деңгейін көрсетеді. Есту және көру қабілеті бұзылған студенттерге білім еру процесінің қолжетімділігін қамтамасыз етудегі осы мамандардың негізгі рөлін ескере отырып, бұл проблема ерекше маңызды екені белгілі. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктерін кеңейтілген жіктеуді көздейтін әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу жағдайында, арнайы педагогтардың ғана емес, сонымен қатар әртүрлі санаттағы білім алушылармен жұмыс істеу үшін жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктілігін арттыру міндеті өзекті болып отыр.

Қорытынды

Халықаралық және ұлттық нормативтік-құқықтық актілерінің талдауы көрсеткендей, Қазақстан Бала құқықтары туралы Конвенцияны және мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияны қоса алғанда,

ратификацияланған құжаттар негізінде инклюзивті білім беру жүйесін біртіндеп қалыптастырып келеді. Ұлттық заңнама, атап айтқанда, «Білім туралы», «Бала құқықтары туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау туралы» заңдар балалардың барлық санаттары, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға тең құқықтарды бекітеді, бұл инклюзивті білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін берік құқықтық негіз қалайды.

Сонымен бірге, елімізде инклюзивті білім беру институционалды құрылымының орнауы мемлекеттік мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарында инклюзия тәжірибесін кеңейтумен қатар, балабақшалар, мектептер, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар және оңалту орталықтары сияқты мамандандырылған мекемелердің белсенді дамуымен қатар жүруде. 2023 жылға 44% мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелер инклюзия үшін жағдайлар туғызды, ал 80 %-дан астам мектептер ЕБҚ бар балалар үшін білім алудың қолжетімділігін қамтамасыз етті. Осыған қарамастан, маңызды аймақтық диспропорциялар байқалады: инклюзияның ең көп қамтылуы ірі қалаларда және жекелеген облыстарда байқалады, ал Түркістан, Атырау және Жетісу сияқты бірқатар өңірлерде инклюзивті мекемелердің үлесі төмен болып қалуда. Бұл айырмашылықтар инклюзивті білім беруге және қолдау инфрақұрылымын кеңейтуге мақсатты бағытталған шаралардың қажеттілігін көрсетеді.

Басты назарда кадрлық қамтамасыз ету, өйткені түзету педагогикасы бойынша мамандардың тапшылығы, оның ішінде дефектологтар, логопедтер, психологтар және сурдопедагогтар мен тифлопедагогтар мамандардың жетіспеушілігі инклюзивті білім беруде сапа мен тиімділікті маңызды шектейді. Сонымен қатар, педагогтерді аттестаттау нәтижелері мамандардың жартысынан көбі білімнің белгіленген шекті деңгейіне жете алмайтындығын көрсетеді, бұл біліктілікті жүйелі түрде арттыру, тәжірибеге бағытталған курстарды енгізу және ЕБҚ бар балалармен жұмыс істеудің жаңа әдістерін игеру қажеттілігін көрсетеді. Инклюзия принциптерін тиімді жүзеге асыру үшін педагогтерді, өндірістік білім беру шеберлерін және жалпы білім беретін пән мамандарын кешенді түрде оқыту маңызды орын алады.

2023 жылғы статистикалық деректер мектепке дейінгі ұйымдарда (9 139 бала), сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында (3 439 студент немесе жалпы санының 0,6%) ЕБҚ бар білім алушылар санының тұрақты өсу үрдісін көрсетеді. Бұл ретте аймақтық ерекшеліктер мен гендерлік құрылымды есепке алу қажеттілігі туындайды, өйткені оқу топтарында қыздар үлесі 40%-ға жуықты құрайды.

Қазақстандық тәжірибе бұзушылықтарды түзетуге кедергілерді жоюға бағдарланған медициналық моделден, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз

етуге және ЕБҚ бар балаларды жалпы білім беру ортасына біріктіруге назар аударатын әлеуметтік моделге біртіндеп көшуді көрсетеді. Бұл екіұштылық мамандандырылған мекемелердің жұмыс істеуі мен ұлттық білім беру саясатының өтпелі сипатын көрсететін бұқаралық мектептер мен балабақшалардағы инклюзия тәжірибесінің кеңеюінен көрінеді.

Осылайша, Қазақстан және оның негізінде елдің ерекшеліктеріне бейімделетін халықаралық стандарттар жатқан, инклюзивті білім берудің ұлттық моделін қалыптастырудың белсенді кезеңінде. Бұл саланы одан әрі дамыту бірнеше бағытта кешенді күш жігерді қажет етеді:

1. Білім алушылардың барлық санаттарының құқықтарын іске асыруға баса назар аударып, заңнамалық базаны жетілдіру.

2. Аймақтық әртүрлілікті есепке ала отырып, сүйемелдеу инфра-құрылымын және көптеген даму бұзылыстары бар балалардың қажеттіліктерін кеңейту.

3. Инклюзивті білім беру жағдайын құрған, мемлекеттік жалпы білім беру желісін әрі қарай жетілдіру.

4. Толерантты педагогикалық мәдениетті дамытуды қоса алғанда, әртүрлілік жағдайында жұмыс істеуге педагогтар мен сүйемелдеу мамандарын жүйелі даярлау.

5. Білім беру практикаларын инновациялық дамыту, цифрлық және оқытудың жекелендірілген әдістері енгізу.

6. Толеранттылықты ғана емес, сонымен бірге әртүрліліктің құндылығын әлеуметтік даму ресурсы ретінде тануды көздейтін қоғамда инклюзия мәдениетін қалыптастыру.

Осылайша, Қазақстан барлық балалардың білімалуға тең қолжетімділігі үшін тұрақты құқықтық, институционалды және кадрлық негізді құра отыра, инклюзивті білім беруді дамытуда айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуде. Сонымен қатар, аймақтық және инфрақұрылымдық диспропорциялар, білікті мамандардың тапшылығы және қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру қажеттілігі сақталуда. Осы бағыттарды дәйекті дамыту әрбір балаға Қазақстанның халықаралық стандарттары мен стратегиялық даму мақсаттарына сәйкес келетін жеке өсу, табысты оқыту және әлеуметтік интеграция үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін толыққанды инклюзивті білім беру кеңістігін құруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Larskaia-Smirnova E., Bolshakov N., Walker Ch. Inclusive education in Eastern Europe and the South Caucasus: Comparing parental satisfaction/ E. Larskaia-Smirnova // Children and Youth Services Review. – 2025. - Vol. 169. – C.23-36. Access mode: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0190740924006595> [Date of access: 15.01.2025].

[2] Саламанкская декларация о принципах, политике и практической

деятельности в сфере образования лиц с особыми потребностями. Режим доступа: URL: http://www.notabene.ru/down_syndrome/Rus/declarat.html [Дата обращения: 17.01.2025]

[3] Бала құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы. Кіру режим: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400_ [Қаралған күні: 17.01.2025]

[4] Стандартные правила обеспечения равных возможностей для инвалидов, приняты резолюцией Генеральной Ассамблеи ООН 48/96 от 20 декабря 1993 года. Режим доступа: URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled.shtml [Дата обращения: 11.01.2025]

[5] Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялау туралы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 20 ақпандағы № 288-V ҚРЗ Заңы. Кіру режим: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288> [Қаралған күні: 13.01.2025]

[6] Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года. – Генеральная Ассамблея ООН. Режим доступа: URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/about/development-agenda/> [Дата обращения: 12.01.2025]

[7] UNESCO. A guide for ensuring inclusion and equity in education. - Paris: UNESCO, 2017. – 46 с. Access mode: URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0024/002482/248254E.pdf> [Date of access: 11.01.2025].

[8] 1995 жылы 30 тамызда жалпы халықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. Кіру режим: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_/links [Қаралған күні: 11.01.2025]

[9] «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345. Кіру режим: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_ [Қаралған күні: 17.01.2025]

[10] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III. Кіру режим: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_ [Қаралған күні: 11.01.2025]

[11] «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы. Кіру режим: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_ [Қаралған күні: 11.01.2025]

[12]. Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген. Кіру режим: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z453> [Қаралған күні: 11.01.2025]

[13] «Қазақстанның білім беру статистикасы» ұлттық жинағы. – «А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білімді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ, 2024. – 367 б.

[14] Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама (2023 жылдың қорытындысы бойынша). - Астана қ.: Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігі, «А. Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» білімді зерттеу және бағалау ұлттық орталығы» АҚ, 2024. - 373 б.

REFERENCES

[1] Larskaia-Smirnova E., Bolshakov N., Walker Ch. Inclusive education in Eastern Europe and the South Caucasus: Comparing parental satisfaction/ E. Larskaia-Smirnova // Children and Youth Services Review. – 2025. - Vol. 169. – Pp. 23-36. Access mode: URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0190740924006595> [Date of access: 15.01.2025].

[2] Salamanskaia deklaratsiya o printsipakh, politike i prakticheskoy deyatel'nosti v sfere obrazovaniya lits s osobymi potrebnostyami (Salamanca Statement on Principles, Policy and Practice in the Field of Education of Persons with Special Needs). Rezhim dostupa: URL: http://www.notabene.ru/down_syndrome/Rus/declarat.html [Data obrashcheniya: 17.01.2025]. [in Rus.]

[3] Bala quyqtary turaly konventsiiyany ratifikatsiyalau turaly Qazaqstan Respublikasy Jogargy Kenesinin 1994 jyly 8 maýsymdagy qaulы (Resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan on the Ratification of the Convention on the Rights of the Child, June 8, 1994). Kiru rejimi: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400_ [Qaralghan kuni: 17.01.2025]. [in Kaz.]

[4] Standartnye pravila obespecheniya ravnykh vozmozhnostey dlya invalidov, prinyatye rezolyutsiyey General'noy Assamblei OON 48/96 ot 20 dekabrya 1993 goda (Standard Rules on the Equalization of Opportunities for Persons with Disabilities, adopted by UN General Assembly Resolution 48/96 of 20 December 1993). Kiru rejimi: URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/disabled.shtml [Data obrashcheniya: 11.01.2025]. [in Rus.]

[5] Múgedekterdin quyqtary turaly konventsiiyany ratifikatsiyalau turaly Qazaqstan Respublikasynyn 2015 jyly 20 aqpandagy № 288-V QRZ Zany (Law of the Republic of Kazakhstan on Ratification of the Convention on the Rights of Persons with Disabilities, February 20, 2015 No. 288-V). Kiru rejimi: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000288> [Qaralghan kuni: 13.01.2025]. [in Kaz.]

[6] Povestka dnya v oblasti ustoychivogo razvitiya na period do 2030 goda. General'naya Assambleya OON (Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. United Nations General Assembly). Rezhim dostupa: URL: <https://www.un.org/sustainabledevelopment/ru/about/development-agenda/> [Data obrashcheniya: 18.01.2025]. [in Rus.]

[7] UNESCO. A guide for ensuring inclusion and equity in education. - Paris: UNESCO, 2017. – 46 p. Access mode: URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0024/002482/248254E.pdf> [Date of access: 11.01.2025].

[8] 1995 jyly 30 тамызда жалпы khalyqtyq referendumda qabyldangan Qazaqstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy (Constitution of the Republic of Kazakhstan adopted at the national referendum on August 30, 1995). Kiru rejimi: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_/links [Qaralghan kuni: 11.01.2025]. [in Kaz.]

[9] «Qazaqstan Respublikasyndaghy Bala quyqtary turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany, 2002 jyly 8 тамыздағы № 345 (Law of the Republic of Kazakhstan «On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan», August 8, 2002 No. 345). Kiru rejimi: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345_ [Qaralghan kuni: 17.01.2025]. [in Kaz.]

[10] «Bilim turaly» Qazaqstan Respublikasynyn Zany, 2007 jyly 27 shildedegi № 319-III (Law of the Republic of Kazakhstan «On Education», July 27, 2007 No. 319-III). Kiru rejimi: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_ [Qaralghan kuni: 11.01.2025]. [in Kaz.]

[11] «Múmkindigi shekteuli balalardy áleymettik jáne meditsinalyq-pedagogikalyq túzey arqyly qoldau turaly» Qazaqstan Respublikasynyn 2002 jyly 11 shildedegi № 343 Zany (Law of the Republic of Kazakhstan «On Social and Medical-Pedagogical Correctional Support for Children with Disabilities», July 11, 2002 No. 343). Kiru rejimi: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343_ [Qaralghan kuni: 11.01.2025]. [in Kaz.]

[12] Mektepke deyingi, orta, tekhnikalyq jáne kásiptik bilim berudi damytýdyn 2023–2029 jyldarǵa arnalǵan túzhyrymdamasy Qazaqstan Respublikasy Úkimetinin 2023 jyly 28 naýryzdagy № 249 qaulysymen bekitilgen (Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical and Vocational Education of the Republic of Kazakhstan for 2023–2029, approved by Government Resolution No. 249 of March 28, 2023). Kiru rejimi: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z453> [Qaralghan kuni: 11.01.2025]. [in Kaz.]

[13] «Qazaqstannyn bilim berý statistikasy» ulttyq jınaǵy (National Digest «Education Statistics of Kazakhstan»). – Astana: «A. Baitursynuly atyndagy «Taldau» bilimdi zertteý jáne baǵalaw ulttyq ortalyǵy» AQ, 2024. – 367 b. [in Kaz.]

[14] Qazaqstan Respublikasynyn Bilim berý júiesinin jay-kúyi men damýy turaly Ulttyq bayandama (National Report on the State and Development of the Education System of the Republic of Kazakhstan). – Astana: Qazaqstan Respublikasynyn Oqy-agartu ministrliǵı, «A. Baitursynuly atyndagy «Taldau» bilimdi zertteý jáne baǵalaw ulttyq ortalyǵy» AQ, 2024. – 373 b. [in Kaz.]

ИНКЛЮЗИВНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ

*Тамабаева М.К.¹, Абильдина С.К.², Жекибаева Б.А.³

*^{1,2,3} Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается современное состояние и правовые основы инклюзивного образования в Республике Казахстан. Цель исследования заключается в комплексном анализе международных и национальных нормативно-правовых актов, регулирующих инклюзивное образование, выявлении проблемных зон, таких как дефицит педагогических кадров, недостаточная подготовка специалистов и региональные диспропорции, а также определении перспектив дальнейшего развития инклюзивной образовательной среды. Методология исследования основана на анализе и синтезе международных документов, включая Конвенцию ООН о правах ребенка и Конвенцию о правах инвалидов, национальных законов «Об образовании», «О правах ребенка» и «О социальной и медико-педагогической поддержке детей с ограниченными возможностями», а также статистических данных о деятельности дошкольных, средних и профессиональных образовательных организаций. Анализ показал положительную динамику внедрения инклюзивных практик, рост числа учреждений, создающих условия для инклюзии, а также увеличение контингента детей и студентов с особыми образовательными потребностями. В то же время выявлены ключевые проблемы: недостаток квалифицированных специалистов, региональные различия в обеспечении инклюзивной среды и необходимость формирования инклюзивной культуры в обществе. Полученные результаты имеют теоретическую ценность для развития научных основ инклюзивного образования и практическую значимость для совершенствования образовательной политики, планирования подготовки педагогических кадров и организации образовательного процесса с учетом разнообразных потребностей обучающихся.

Ключевые слова: инклюзивное образование, правовые основы, особые образовательные потребности, Казахстан, педагогические кадры, доступность образования, международные стандарты, образование

INCLUSIVE EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: LEGAL FRAMEWORK AND CURRENT STATE

*Tamabayeva M.K.¹, Abildina S.K.², Zhekibayeva B.A.³

*^{1,2,3} Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

Abstract. This article examines the current state and legal foundations of inclusive education in the Republic of Kazakhstan, with a focus on ensuring equal educational opportunities for children with special educational needs.

The aim of the study is a comprehensive analysis of international and national legal acts regulating inclusive education, identification of problem areas, such as the shortage of teaching staff, insufficient training of specialists, and regional disparities, as well as determining prospects for the further development of an inclusive educational environment. The research methodology is based on the analysis and synthesis of international documents, including the UN Convention on the Rights of the Child and the UN Convention on the Rights of Persons with Disabilities, national laws «On Education», «On the Rights of the Child», and «On Social and Medico-Pedagogical Support for Children with Disabilities», as well as statistical data from preschool, secondary, and vocational education institutions. The analysis revealed a positive trend in the implementation of inclusive practices, an increase in the number of institutions creating conditions for inclusion, and a growing contingent of children and students with special educational needs. At the same time, key challenges were identified: a shortage of qualified specialists, regional disparities in the provision of an inclusive environment, and the need to foster an inclusive culture in society. The results have theoretical significance for the development of the scientific foundations of inclusive education and practical value for improving educational policy, planning teacher training, and organizing the educational process considering the diverse needs of learners.

Keywords: inclusive education, legal framework, special educational needs, Kazakhstan, teaching staff, accessibility of education, international standards, education

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 14.03.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Тамабаева Мендигуль Кабдрахмановна - докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, mendigul_0879@mail.ru

Абильдина Салтанат Қуатқызы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, salta-7069@mail.ru

Жекибаева Ботакөз Абдрахмановна - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан, bzhekibaeva@mail.ru

Информация об авторах:

Тамабаева Мендигуль Кабдрахмановна-докторант, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, mendigul_0879@mail.ru

Абильдина Салтанат Куатовна-доктор педагогических наук, профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, salta-7069@mail.ru

Жекибаева Ботакоз Абдрахмановна-кандидат педагогических наук, профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан, bzhekibaeva@mail.ru.

Information about the authors:

Tamabayeva Mendigul Kabdrakhmanovna - doctoral student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, mendigul_0879@mail.ru

Abildina Saltanat Kuatovna- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, salta-7069@mail.ru

Zhekibayeva Botakoz Abdrahmanovna-Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan, bzhekibaeva@mail.ru.